

БЕКІТЕМІН



«Қарағанды облысында білім беруді
дамытудың оқу-әдістемелік
орталығы» КМҚК директоры
Б.Х.Абдикерова
«08» 06 2022 ж.

Қарағанды облысының орта білім беру ұйымдарының тәлімгерлері (аға вожатый, вожатый) арасында қашықтықтан өткізілетін «Тәлімі мол тәлімгер» атты облыстық байқауы ЕРЕЖЕСІ

1. «Тәлімі мол тәлімгер» қашықтықтан облыстық байқауы (бұдан әрі – байқау) Тәлімгерлер Ассоциациясының іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында өткізіледі.
2. Байқауды ұйымдастыруши «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК.
3. Байқаудың мақсаты: мектеп тәлімгерлерінің кәсіби және шығармашылық шеберлігін арттыру.

II. Байқауды өткізуіндегі мерзімі мен шарттары

1. Байқау **2022 жылдың 20 қыркүйегі мен 30 қараша аралығында** өткізіледі. Өтініштер мен байқау жұмыстары **2022 жылдың 04 қарашасына** дейін қабылданады.

2. Байқау жұмыстарының тақырыптары:

- «Мемлекеттік рәміздер-ел мақтанышы»;
- «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»;
- «Қоғамға қызмет».

3. Байқау номинациялары:

- «Мәнерлеп оқу» - өлеңдер мен прозаларды мәнерлеп оқудың бейне материалдары;
- «Актерлік шеберлік» - байқау тақырыптарына сай монологтар, диалогтардың бейне материалдары;
- «Вокалдық және музикалық шығармашылық» - байқау тақырыбына сәйкес авторлық музикалық шығармалардың бейне материалдары.

4. Байқау материалдары қазақ, орыс тілдерінде қабылданады.

5. Байқауга қатысушылар жеке әзірлемелерін ұсынады, үшінші тұлғалардың зияткерлік құқықтарын бұзғаны үшін жауапты болады.

III. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар.

1. Бейнероликтің ұзақтығы 3 - 4 минут, mp4. форматында.
2. Бейнероликтің басында міндетті түрде қатысушының аты-жөнін, білім беру ұйымын, өнірді көрсету керек.
3. Бейнеролик білім беру ұйымдарының YouTube-інде орналастырылуы қажет.
4. Байқауга қатысушы өтіншті **yozhatyy2022@mail.ru** электронды поштаға, 1- Қосымшаға сәйкес міндетті түрде **YouTube** сілтемесімен жіберілуі керек.

IV. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін сараптамалық комиссия құрылады. Байқау комиссиясының құрамына байқауды ұйымдастырушылардың өкілдері және арнайы шақырылған мамандар кіреді.
2. Байқаудың нәтижелері байқау комиссиясы мүшелерінің қолдарымен расталған арнайы хаттамамен рәсімделеді.
3. Байқаудың жеңімпаздары I, II, III дәрежелі Дипломдармен және Алғыс хаттармен марапатталады.
4. Байқаудың нәтижелері **2022 жылдың 30 қарашасынан** кешіктірілмей жарияланады және ҚО ББД ОӘО - mtckrg.gov.kz сайтында орналастырылады.
5. Ұздік жұмыстар Instagram және Facebook желілерінде жарияланады.
6. Анықтама телефондары 8 7055412128, 8 (7212)502513.

1- Қосымша

«Тәлімі мол тәлімгер» байқауына қатысуға өтініш

Катысушының аты-жөні	
Өнір	<i>Осакаров ауданы (Улгі)</i>
Білім беру үйимы	«Мирное с. №1 жалпы білім беру мектебі» КММ (Улгі)
Байқау жұмысының тақырыбы	
Катысушы туралы ақпарат (электронды пошта, ұялы телефон)	
YouTube –ке электронды сілтеме	<u>https://www.youtube.com/channel/UC32HItI3DxYaaP4Dj4mNSkQ?view_as=subscriber</u>

Жаңауев